

Облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 125 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 25 сәуірде № 4198 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 7 маусымдағы № 270 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 07.06.2018 № 270 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Карантиндік объектілердің түрлері бойынша жалпы көлемі 125755,4347 гектар жерге аудандар (қалалар) бөлінісінде карантиндік режимді енгізе отырып, қосымшаға сәйкес облыс аумағында карантинді аймақ белгіленсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің "Облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы" 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 535 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3672 тіркелген, 2016 жылдың 19 қаңтарында "Жетісу", "Огни Алатау" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысы әкімінің
міндетін атқарушы*

Л. Тұрлашов

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы "24
"наурыз" "Облыс аумағында карантиндік
режимді енгізе отырып, карантинді аймақты
белгілеу туралы" № 125 қаулысына
қосымша

Алматы облысының аумағында карантиндік объектілердің түрлері бойынша белгіленген карантиндік аймақ көлемі

						Оның ішінде карантинді объектілердің түрлеріне шаққанда

№	Аудандар, қалалар	Барлық залалданған жер көлемі, гектар	Америкалық ақ көбелек	Калифорниялық қалқаншалы сымыр	Жемістің шығыс жемірі	Жұпсыз жібек көбелек	Комсток сымыры (құрты)
1	Алакөл	5728					
2	Ақсу	20459,0102					
3	Балқаш	2338,89					
4	Еңбекшіқазақ	3789,756		335	237	138,5	
5	Ескелді	1804,95			15		
6	Жамбыл	11405					
7	Іле	1131,5		27	20		
8	Қарасай	1675,8	3	45	45		10
9	Қаратал	14239,5					
10	Кербұлақ	18002					
11	Көксу	5815,9315		65			
12	Панфилов	5857,42		262	129,5		
13	Райымбек	3891,21				28	
14	Сарқан	6499,59					
15	Талғар	7253,737		155	40	10	
16	Ұйғыр	11009					
17	Текелі қаласы	198					
18	Талдықорған қаласы	1362,14		20	30	10	
19	Қапшағай қаласы	3294					
	Барлығы	125755,4347	3	909	516,5	186,5	10

Кестенің жалғасы

Картоптың алтын түстес жұмырқұрты	Жеміс ағаштарының бактериалды күйігі	Жусан жапырақты ойраншөп	Жатаған (қызғылт) уекіре	Арам сояулар
			4338	1390
	0,0102		20007	452
			862,89	1476
	578,256	908	1280	313
	44,95		1625	120
			10600	805
		40	795	249,5
	37,8	274	1063	198
	0,5		12934	1305
			17768	234
	0,0315		5024	726,9
	7,92		3956	1502
81,21			3575	207
	17,59		6074	408

	177,737	1313	4560	998
	2		10198	809
	7		180	11
	27,64		1058	216,5
		235	2517	542
81,21	901,4347	2770	108414,89	11962,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК